

Тарбағатай ауданының Сәтпаев ауылдық округінің "Жалғызтал" учаскесінде, Екпін ауылдық округінің "Берлібай" учаскесінде және Қызыл кесік ауылдық округінің Қызыл кесік ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 5 қазандағы № 440 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 қазанда № 5231 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 264 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 16.05.2018 № 264 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 07 тамыздағы № 331 , № 332, № 333 ұсыныстары негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Тарбағатай ауданының Сәтпаев ауылдық округінің "Жалғызтал" учаскесінде, Екпін ауылдық округінің "Берлібай" учаскесінде және Қызыл кесік ауылдық округінің Қызыл кесік ауылының мүйізді ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ. Мауадиновқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

